

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

---

Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Т. Сайрамбаевтың 85 жылдығына арналған  
«ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУ ПАРАДИГМАЛАРЫ  
ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»  
атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы, 8-9 сәуір 2022 ж.

**МАТЕРИАЛЫ**  
Международной научно-методической конференции  
«СОВРЕМЕННЫЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ПАРАДИГМЫ ГРАММАТИКИ  
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ»,  
посвященной 85-летию доктора филологических наук, профессора Т. Сайрамбаева

Алматы, 8-9 апреля 2022 г.

**MATERIALS**  
of International scientific and methodological conference  
«MODERN RESEARCH PARADIGMS OF KAZAKH GRAMMAR AND  
INNOVATIVE TEACHING TECHNOLOGIES»  
dedicated to the 85th birthday anniversary of the doctor of philology,  
professor T. Sayrambaev

Almaty, 8-9 April, 2022

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

Автор сөз тіркесі мен фразеологияның сырттай ұқсастығы болғанымен, ішкі мазмұны жағынан бір емес екендігін, олардың бір-бірінен айырмашылығы бар екендігіне назар аудартады.

➤ Фразеологияда лексикалық мағына болса, сөз тіркесінде болмайды.

➤ Сөз тіркесіндегі әрбір сөздің өзіндік синтаксистік қызметі болады. ФЕ-ға қатысты сөздердің әрқайсысының өзіндік қызметі жоқ

➤ Сөз тіркесіндегі сөздің орын тәртібі еркін болады. ФЕ-ға қатысты сөздердің әрқайсысының орны тұрақты болады.

➤ Сөз тіркесіндегі сөз меңгеріле, т.б. байланыста келеді. Олардың іштей өзара бір-бірімен байланысу формасында келуі тұрақты.

➤ Сөз тіркесіндегі әрбір сөздің байланысу тәсілдері бар. Жалпы фразеологиялық единицалар әрі есімді, әрі етістікті сөз тіркестерінде де көп қолданылады [2,83].

Шәкіртсіз ғалым – тұл. Т.Сайрамбайұлының жетекшілігімен кандидаттық, докторлық қорғаған синтаксис мамандары еліміздің түрлі ЖОО-ларында абыроймен еңбек етіп жүр. ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы: «Ұстаз-ғалымның әрбір шәкіртінің қорғаған ғылыми жұмыстарының қай-қайсысында да зерттеушінің пікірі өшпестей өріліп жатады. Ол жас, жаңа буынның ойымен өрбіп, жалғасып кете береді...» деп баға берген [6,3].

Профессор Т.Сайрамбайұлының жоғарыда талданған ғылыми пікірлері қазір аксиома ретінде өз деңгейінде әлі маңызын жойған жоқ. Өйткені бұл тұжырымдар талай жылғы көз майын тауысып зерттеп, зерделеген ғылыми ақиқаттың белгісі. Лингвистика қашанда тек тілдік фактілермен ғана сөйлейді. Ғұмырын ғылымға арнаған профессор Талғат Сайрамбайұлы қазақ тіл біліміне сіңірген еңбегі өлшеусіз әрі құнды.

#### **Пайдаланған әдебиет:**

1 Смағұлова Г. Т.Сайрамбайұлы: кемелдік пен кеңдік //ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы.№ 1. Алматы. «Қазақ университеті». 2012.

2 Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және К. Шаймерденова. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет.

3 Профессор Талғат Сайрамбаевтың 80 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ тілі өркениет бәсекесінде: зерттеу парадигмалары және оқытудың мобильді технологиялары» материалдар жинағы Алматы, 28-29 сәуір 2017 жыл.

## **МАҚАЛДАҒЫ АҚЫЛ: МӘШҮР ЖҮСІП ТЕРГЕН МАҚАЛДАРДЫҢ АДАМТАНУДАҒЫ РӨЛІ**

**А.Б. Салқынбай**, филология ғылым. докторы, профессор  
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан)

*Хакім Абай: «Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын,  
дегенмен ол ақын болғанымен құдайға жақын.  
Сондықтан да Мәшһүр Адамзаттың әулиесі зой», - деген екен.*

*Мен келдім музейіңе жолым түсіп,  
Егілдім рухыңызды сүйіп-құшып.  
Өмірдің жолдарында жар бола гөр,  
Қазақтың пайғамбары Мәшһүр Жүсіп.*

**Ғафу Қайырбеков**

*(А. Тұрышев мақаласынан алынды)*

Бүкіл алты алаштың баласына аты мәшһүр болған, жалғыз-дара Мәшһүр атанған Жүсіп Көпейұлының шығармаларында мақал-мәтелдер мол кездеседі. Ғұлама ғалым шығармасын мақалсыз оқу мүмкін де емес. Сонымен қоса мақал сөздерді, нақыл сөздерді бөлек тағы да жинақтаған. Қолымызда ақын шығармалар жинағының 2007 жылы Нартай Қуандықұлы Жүсіпов дайындаған 11-томы. Кітапты Керекуден арнайы филология ғылымдарының докторы, профессор Айтмұхамет Тұрышев салып жіберген-ді.

Қазақта халық поэзиясының үлгілерін, оның ішінде мақал-мәтелдерді өз заманында ерінбей көп жинаған осы Мәшһүр Жүсіп болар-ау, сірә. Бұдан асқан халық ауыз әдебиетін жинақтап, том-том еңбек қалдырған қазақты өз басым білмеймін. Зерттеушілердің пікіріне негізделіп жазылған уикипедияда

(кейде уикипедия дерегі нақты болмайды, рас) ақын қағазға түсіріп жинақтаған мақал-мәтелдердің жалпы мөлшері 2,5 мың жол деп көрсетілген (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>).

Профессор А. Тұрышев: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тану, зерттеу тоқтаған жоқ» деп аталған мақаласында «Мәшекең кезінде мыңнан астам мақал-мәтелдерді жинаған. Ал шығармалары ішіндегі мақал мен мәтелдерде есеп жоқ. Жұмбақ пен жаңылтпаштағы, ертегілердегі көне сөздер қаншама десеңізші? Қазірде қолданыста жоқ ескі мақалдарды оқып отырсаң, таңғаласың. Және ол кейбір мақал-мәтелдердің шығу тарихын да жазып кеткен» - деп жазыпты. [<https://adebiportal.kz/kz/news/view/19700>].

Ендігі ғылым алдындағы үлкен мәселе осы Мәшһүр Жүсіп еңбектерінде қолданылған мақал-мәтелдердің талдануына баға беру, келтірілген, жинақталған мақал-мәтелдерді саралау, жүйелеу, зерделеу болса керек.

- Мәшһүр Жүсіп еңбектеріндегі мақал-мәтелдерді былайша жіктеп алуға болар еді:
- Мәшһүрдің өз қаламынан туған нақыл сөздер;
- халық арасынан жиналған нақыл сөздер мен мақалдар;
- шығу уәжі талданған халық мақалдары.

Адамтану ғылымы қазақ ғылымында әлмисақтан бастап қалыптасқан. Қазіргі адамтану ғылымы бұл туралы не айтады? Оның теориялық негізі туралы сөз айтылды ма, оны теріп қарамадым. Бір білерім, адам туралы ғылымның бастау көзі «АДАМ» деген сөздің өзінде жатыр. «Адам» атауын тура мағынасында жоғатпай күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан жер бетінде бір ғана тіл бар. Ол – қазақ тілі. Демек, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді орайына қарай қолданып, талдап, Хадис Шариф бойынша тарата отырып талдайтын Мәшһүр Жүсіп зерттеуі түркілік, соның ішінде қазақ адамтану ғылымының өзіндік даму жолын танытса керек.

Ұлттық код туралы тұжырымның басты постулаттарын, базалық ұстанымдарын Мәшһүр Жүсіп еңбектерінен табамыз.

Білімнің басы – АДАМ.

Мәшһүр Жүсіптің «Ризық туралы» атты мақаласын былай бастайды: «...Сонда ризық екі түрлі. Бірі — заһарда адамның тіршілігіне күш-қуат беретұғын: асамақ, ішпек ұқсамақ. Бұларға зәрүрі болған керек-жарақ нәрселер. Бірі — бәтін де, көңілінің де өз алдына ризығы бар. Жанның да өз алдына ризығы бар. Ғақылының да өз алдына ризығы бар. Нәпсінің де өз алдына ризығы бар. Сырының да өз алдына ризығы бар. Көрініп тұрған ризықтарының ризық екенлігін барша хайуанат түгел біледі» [1. 58].

Демек, Мәшһүрдің пайымдауынша ризықтың екі түрі бар:

Көрініп тұратын ризық;

Көрінбейтін ризық.

«Кім де кім болсын, екі тумап, іске жарамайды» деген хазірет Ғиса ғалиассаламна қалған жәдігер сөзді тірек ете отырып, Мәшһүр Жүсіп ғұлама бұл екі тууды былайша түсіндіреді:

«Бір туғаны ананың құрсағынан шығып, шешенің жатырының тарлық, қараңғылық, қиындығынан жарық дүниенің жүзіне шығып, қанмен араласқан жаман сулардан құтылып, қалқиып, қарайып кісі болғанды айтады.

Екінші туатыны - хайуанлық дәрежесінде қалдыратын мінездерден құтылып, адамдық дәрежесіне белге (білге) ішпейтін, жемейтін періште сипат болуға тырысып, өз қарақан басыңның ыстығың (іштіығың) не жұмыс үшін жаратылғандығын түгел танып, көзге көрініп тұрған ғылымлы сорда қалмай, ғылым мағына жұмысымен айналысуды айтады. Солай болғаны үшін әуелгі (ауалғы) шешеден туған туысты қанағат қылып: «Сонымен кісі болдық» — дегендер жаны жоқ өлік есебінде болып ел болудан, жұрт болудан қалып барады да».

«Адамның адамшылығы - көрінбей тұрған қалыпта, рухта, ғақылда, нәпсіде, сырда» - деп жазады Мәшһүр Жүсіп.

Ақынның ризық ретінде танып отырғаны қазіргі ғылыми тілмен айтар болсақ, адам баласының қолы жетер материалдық игілік пен рухани игілік екені анық. Материалдық игілікті місе тұтып, көмейін ашса, ақшадан өзге естілмейтін пенделер «Әуелгі туғанмен қанағат қылып қалғандар тірі жүрсе де, өлік есебінде, өлсе және өледі де қалады».

Фәни дүниедегі материалдық қызығудың ақын үшін көк тиындық құны жоқ.

«Екінші рет туу қолынан келгендер», яғни адамдыққа жатпайтын хайуандық мінездерінен арылып, адамдық дәрежесін дамытып, «ішпейтін, жемейтін періште сипат болуға тырысып», білім мен ғылымға иек артып, ізденімпаздықпен жұмыс қылушылар. Бұлар «дүниеде жүргенде де, тірі: өлсе де, оған өлім жоқ». «Ғылым-білімге — әбден жетілгенді далада қалады» — деп ойламаңдар. Ғылым-білім

оған Құдайды бір таптырады»- дейді. Сендіреді. Ұлы дала тарихы бұған дәлел. Ұлы дала туғызған тарихи дәстүр бұған дәлел.

Мәшһүр ғұлама ойын ары қарай тереңдете түседі. Мына ғаламның өзі екі түрлі:

Көрініп тұратын ғалам;

Көрінбей тұрған ғалам.

Көрініп тұрғанды төрт аяқты хайуан, ұшқан құс, жүгірген аң, — бәрі де біледі. Көрінбей тұрған ғалам не, ол қандай, онда не мағына бар? Мұны білу, зерттеу, зерделеу – тек Адам баласының пешенесіне жазылған.

«Бұрынғы ата-бабаларымыз мұның бәрін білді. Бірақ артына нұсқа қалдыруға хат жазу білмеген себепті ауыздары айтып кетті. Исі қазақ деген жұрттың көрініп тұрғаннан басқамен жұмысы болмағаннан: «Қазақтың жаны — азапта, // Наданның жаны — тозақта!» — деп, зарлап кетті. «Көзі соқыр — соқыр емес, // Кеудесі соқыр — соқыр» — деп, қақсап кетті. Осы сөздерді бұрынғы ата-бабаларымыз айтып кеткен» - дейді Мәшһүр Жүсіп.

«Біздің исі қазақ деген жұртта аса зор, тіпті мол бір байлық бар. Мүлтігі жоқ, міні жоқ, қатесіз бір өздеріне мәлә; ә болып байланған, ешкімге ортақсыз еншісіне тигендей бір нәрсе бар. Сонда бұл қазақ өзге жұрттан артық бай болғанда, неменеге бай десеңіз - «Наданлық байлығы». Надандықтың байлығына келгенде, қазаққа жетемін, теңелемін деп ешкім талас қылмайтұғындығына қол ап кел!».

Бұл сын. Шын сын.

«Ғылым-білім» атты топтамасында Адамның алты сипаты талданған:

1-әңгіме. АДАМ – АДАМ ДЕНЕСІ;

2-әңгіме. АДАМ – АДАМ МІНЕЗІ;

3-әңгіме. АДАМ – АДАМ АҚЫЛЫ;

4-әңгіме. АДАМ - АДАМ СЕНІМІ;

5-әңгіме. АДАМ – АДАМ СӨЗІ;

6-әңгіме. АДАМ – АДАМИ ҒЫЛЫМ.

Яғни, басты нысан - АДАМ.

Ғалымның «Ғылым-білім» атты бірінші әңгімесінде ғылым-білім «әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен» байланысты болады деп тастайды.

Әркім өзін таныса, сонда тәңірісін таниды, -дейді Мәшһүр. Ия, бұл көнеден келе жатқан тәмсіл. Адам баласы, ең алдымен өзін тануға ұмтылуы тиіс. Өзін таныған, өзін дұрыс бағалаған адам ғана өзгені дұрыс тануға жол таба алады. Барлық мәселе осында жатыр. Өзімді тануда!

«Дүниеде имансыз – жақсы болмайды, харамсыз – халал болмайды» - ғұламаның өз нақылы. Айтуға қалай жеңіл болса, түсінуге соншалықты ауыр. Мәні терең аталы сөз. Адал мен арамның айырымын тану, оның қайсысы адал, қайсысы арам екенін, қай істің адал, қай істің арам екенін ажыратудың жолын ойланып көрдіңіз бе? Арасын ажыратып байқадыңыз ба?

Құдай тағалла жаратқан жаратылысына ақыл мен жанды, оған қанды қосты, содан Адам жаратылды. «Адамның адам болып тұрғаны – осы үшеуінің бірігуінен. Бұлардың басын бір араға қосып, біріктіріп тұрған от, су, топырақ жел – төртеуі бір жерге жиылумен дене болады» [4. 17].

Ғұлама алдымен, адамның жаратылысын танытып, сырын ашады.

Дене – бір мейманхана, жан – онда аз күн қонақ. Нақты айтылған өзіндік тұжырымы ғұламаның.

«Дене – бір қараңғы үй, жан – ол үйді жарық қылған нұр»- дейді ойшыл. Қараңғы үйді жарық қылатын адам баласының жаны, ал жан әркімде әр түрлі боларын болжайды: біреудің жаны – сығырайып зорға жанып тұрған шырағдан, біреудікі – май шамдай, енді біреудікі – тас шам сықылды, кейбіреудікі онан да жарық электр шамы сияқты, одан да жарығы зор нұрлы жан болады. Ал енді осы жанның нұрлануы екінші әңгімеде толық талданады.

Қазақтың «атадан - алтау, анадан - төртеу» деген сөзін Мәшһүр Жүсіп былайша өрбітеді: 1-нәпсі, 2- ауа, 3- шыһтот, 4-ашу – бір анадан туған төрт туысқан.

Періден -1, жынанан -1, шайтаннан- 1, жұлдыздан – 1, адамнан -1, періштеден -1 –алтауы бір сағатта дүниеге келеді. Бәрі бір адамның бойында түгел жүреді. Бір адамның бойында осы алты жаратылыстан тарайтын қасиеттің бар екенін кім жоққа шығара алады. Автордың айтқанымен үнсіз келісесіз, түсінесіз, ойланасыз.

Қазақта «Бір дем әрі, бір дем бері» деген сөз бар. Мішһүр атамиз оның мағынасын былайша эпсаналайды: «Адамның денесі екі нәрсенің күшімен саламат, ауыр үйсіз (ойсыз) тұрады. Бұл екі нәрсенің бірі – қызыл қан, бірі – бұзылған қара қан. Таза қызыл қан екі дем алыстың бірімен даладан ішке қарай кіре береді. Жүрекке барып, жүректен арман күллі денені аралап қайтуында қара қан болып, тағы жүрекке келіп, дем алыс жолымен далаға шығып тұрады.

Міне, Құдіреттің шеберлігін: ішке қарай кірген дем алыс – қызыл қан, далаға шыққан дем алыс – қара қан. Сол үшін айтылады: «Бір дем әрі, бір дем бері». Осы екі демалыстың бірі тоқтаса, адам дереу өледі де қалады. Бұл екі демалысқа жақсы ауа (һуа) керек. Адам өзін таза ауада сақлауға керек.

Екінші – бұл екі дем алысқа күш беруге жақсы тамақ керек. Қазақ мақалында айтылады: «Ауру – астан, дау – қарындастан», - деп.

Үшінші - екі демалысқа күш беруге әрекет (харекет) өскін (үскін): қазақша – жүру, тұру керек.

Төртінші - бұл екі дем алысқа ұйқы мен ояулықты қалыбынан асырмай, кемітпей орта әдетпен (ғадетпен) үйретуге керек.

Бесінші – екі дем алысқа күш беруге шатлық керек. Адам өз көңілін өзі төмендетпей ұстау керек. Қазақта мақал бар: «Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оны кім алып жүреді?» - деген. Оның мәнісі – адам өз көңілін өзі көтеріп жүру керек деген сөз.

Алтыншы – дем алысқа күш беруге: ашу, қорқу, өкініш сықылды нәрселерден өзін аулақ алыс жүргізуге керек. Бұл айтылғандардың бірде бірі адамда жоқ болса, адам ауруға шалынады. Не қалпынан асып көтеріліп кетсе, онда да жаман болады. Аса қорыққаннан, аса қуанғаннан, не зор ашу қысқаннан өліп кеткендер де болған» [22-б.].

Бұл – тәннің басты қажеттері.

«Жан – бір асыранды құс, дене бір қапас», «Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді» - дейді Мәшһүр. Бұдан әрі өз ойын былайша салмақтай түседі: «жақсы сөзге жан семіреді», «жанның қорегі – құлақ».

Сөзді айтқыл ұққанға

Жанды жанға сұққанға.

Айтып, айтпай немене,

Мақтамен құлағын тыққанға.

Немесе: Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, Ұқпа құлаққа айтсаң, ұғып кетер.

Әр сөзін өз нақылымен айшықтап, немесе халық мақалымен келістіре кестелейтін ғұламаның айтар ойы анық.

Әр адам Алланың өз жеке басына берген нығметіне шүкіршілік жасауы қажеттілігін сыр ете отырып, Мәшһүр Жүсіп оның төрт түрін талдап көрсетеді:

Алланың бар бергеніне шүкіршілік ету;

Патшаның, басқарушының бар болғынан шүкіршілік ету; патшаның болуы – қол астындағы әркімнің басы-малы аман болуының кепілі;

Ата-анасының болғанына шүкіршілік ету. Атаның қадірін, ананың құрметін орнына келтіруге шамасы келгенше қызмет етуі. Бала ата-ананың қызметін, олардың алдындағы парызын білуі;

Күндіз болса – аспанда күннің барлығына, түнде болса, Айдың жарықтығына, астында атың, қасында қатының болғанына шүкіршілік ету [1. 28-30].

Жылқы малының өзге малдан артықтығын мына мақалды келтіру арқылы дәлел келтіреді:

Ер қанаты – ат болар,

Жаяу адам мат болар.

Атың кетсе қолыңнан,

Ағайын-туған жат болар.

Шүкіршіліктің артында «қанағат» жатыр дер болсақ, бұл идеяның сонау Ж. Баласағұнидан келе жатқан тәмсіл екеніне көз жеткізу қиын емес.

Мәшһүр Жүсіп Жиренше шешен айтыпты деген мына аңызды адамның қасиеттерін ашу үшін жақсы келтіреді (ой нақты болу үшін, мәтінді толық келтіреміз):

*«Қазақ 4 нәрсенің атын білмей қойыпты. Бірі – ат, бірі – қатын, бір – бала, бірі – келін.*

*(1) Аттың аты «ат» емес «ер қанаты» болса жарайды.*

*(2) Қатынның аты «қатын» емес «тындым» қойса жарайды. Бұл «тындым» деген сөзде екі мағына бар. Бірі – жақсы болып жолықса, еркектің үй шаруасымен жұмысы болмайды. Көңілі тынып хатыр-жамия отырады. Бірі – жаман болып жолықса өлтіре алмайды, сата алмайды, жөндеп жөнге сала алмайды. Ішінен тынады да отырады.*

*(3) Бірі – баланың атын білмей қойыпты. Баланың атын «бала» емес «қайырған» қою жарайды. Бала ер жеткен соң ата-ананы қайырып тастайтұғын болады.*

*(4) Бірі – келіннің атын білмей қойыпты. Келіннің атын «келін» демей, «айырған» қою жарайды. Келін келген соң-ақ ата-анадан баланы айыра бастайды.*

Бұрынғылар айтқан екен: «Ер егіз, еңбекті жалғыз» - деп. Оның мәнісі: ердің өзіне лайық қатын жолықса егіз болады екен. Қатын жаман болса, туысқан серігіне жарамас. Бала жаман болса «еңбекті» - деп соны айтады екен. Еркек деген қатынсыз тұрған күнде бір жалаңаш кісі есепті.

Қатын алды, киімді болды. Киімі жақсы болса, жұртқа мұны жақсы көрсетпек. Сол киім жаман болса, жұртқа мұны жаман көрсетпек. Қатын жаман болған соң, бұ сорлы ағайынға да жаман, алашқа да жаман, туысқанға да жаман, балаға да жаман. Қатын жақсы болса, онда бұл көрінгеннің бәріне жақсы кісі болады. Жаман еркекті жақсы қатын түзейді, кісі қатарына қосады. ...Құдай оңғарайын десе пендесінің әуелі қатынын жақсы қылып, өзіне лайықты қылып жолықтырады. Онан соң оның жолдасы да жақсы болып жолығады. Мұндай жан қараның ханы болып, дәурен сүреді». Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. [30.б]

«Адамтану» ілімі деген осы емес дей аласыз ба? Мұнда адамдар арасындағы күнделікті қарым-қатынас бар, олардың арасындағы әлеуметтік-психологиялық мінез бар. Адамның жан дүниесінің сырын кім толық түсініп білген дерсіз. «Ат – ер қанаты» көнеден келе жатқан ұлттық код. Қазақ халқының аялық ілімі сіңген танымы. Ежелден келе жатқан даналық.

Қатын – тындым. Ия. Солай... адамның күнделікті қарапайым тіршілігінің нақты көрінісі, тұрақты шарты.

Баланың «қайырған», келіннің «айырған» болғаны да бүгінгінің шындығы. Қоғамдағы шиеленісіп тұрған адами дағдарыстың бір қыры осы екені тағы рас.

«Адамдық немен танылады, ғылым-біліммен танылады» -деп бір қорытынды жасайды ақын.

2-әңгіме: АДАМ – АДАМ МІНЕЗІ

Қазіргі әлемдік философияда болсын, филологиялық зерттеулерде болсын антропологиялық проблемалар ғылыми айналымда үлкен маңызға ие. Адамның әлеуметтілігі, сана-сезімнің адамның түпсаналық деңгейіне қатынасы, психологиялық даму ерекшеліктері, рационалды және иррационалды диалектикасы сияқты таза антропологиялық проблемаларды зерделеу бүгінде үлкен маңызға ие.

Ойшыл ақын бұл бөлімді «Мінез түзету хақында» деп атапты.

Арысы, түркі берісі қазақ ойшылдарының бәрінің қаузаған тақырыбы осы – мінез. Әл-Фараби мен Абайдың кісі мінезі туралы айтқан ойлары жеке зерттеу нысаны болмаққа керек. «Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы. Мінез – жанның айнасы» - деген сөз Әл-Фарабиден қалған.

Қазіргі әңгіме Мәшһүр Жүсіптің айтқанын саралау, зерделеу.

«Ғылым-білімнің ең әуелгі пайдасы – хұсен, құлық тахсылы дүр» -дейді Мәшһүр Жүсіп. «Адам өзін көркем мінезге үйрету керек».

Мінез. Бұл жаратылыстан болған нәрсе ме, әлде оны жөнге салуға бола ма? Тілімізде «туа біткен мінез», «құдай берген мінез» деген тіркестер де кездеседі.

«Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дейді Абай ойшыл.

Ал Мәшһүр Жүсіп «адам өзін-өзі жақсы мінезге салу қолдан келетұғын жұмыс» деп біледі. Оның дәлелін былайша түсіндіреді: «Аспанда ұшып жүрген құсты саятшылар ұстап алып, шақырса, қолға келіп қонатұғын қандай жұп-жуас, мүләйім қылып қояды. Ат үйретушілер қандай асау атты соңынан еріп жүретұғын қылып қояды. Мініскерінің үйретуімен ит қандай үйренеді? Тілсіз хайуан мұндай мінезін түзеп ұстағандықтан, құнды, пұлды болып қолқаға жүреді».

Керемет көркем салыстыру демей көріңіз.

Ал Сіз көркем мінезді АДАМ болғыңыз келе ме? Ол сіздің қолыңыздан келмейді деп енді қалай айта аларсыз?

Мінезді өзгерту үшін әр адамда үш түрлі қуат бар дейді ғұлама:

1. ақыл қуаты;
2. қуат ғазбая, ашудың күші;
3. шіһүние: әр нәрсеге көңілді шаптырып тұратұғын күші.

Бұл айтылған үш қуат қалыптан асып кетсе (перат) де, кем соқса да (тағырит) жөн болмайды, абзалы, оны ортада ұстау жөн, «ғаділ» деп соны айтады дейді Мәшһүр Жүсіп. Әр нәрсенің қалыбы мен мөлшері болады. Осы ортадан табылып, орнымен іс қылмақты насихаттайды.

«Тайдың жорғасы түйе болады, Жігіттің жорғасы еліне ие болады» деген мақалды ретіне қарай талдай келе, әркімнің мінезінің артықтығы Еліне жасаған қызметімен өлшенеді, елге қызмет еткен жігіттің қадір-құрметі де арта түспек екенін жазады. «Жорғалық» сыпатты адамның мінезінің жақсылығынан іздейді.

Қазіргі гуманитарлық ілім адамға, адами құндылықтарға баса назар аударуы тиіс. Мұнда, әрине мінездің маңызы ерекше. Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық қиялы Хадис Шариф негізінде өріліп, ұлттық негізге сүйенетін білімі арқылы адамның ішкі әлеміне қажетті әрекеттерді айқындайды.

Мәшһүр Жүсіп Адамның өмір жасының ұзақ болуына төрт нәрсе себеп болады дейді:

1. рақым жасау; жақсы мінезді кісінің қолынан келеді (сылархым); емен мінезді кісіден сыла, пақым табылмайды;

2. бойын таза ұстау; пәктік, тазалық;
3. исламды кім көрінгенге асығып беруді әдеттенбеу;
4. ашық қолды болу; садақа беруді әдеттену

Алла тағаланың: «Ан Алла иа мирба лағдыл» әсірін орынға келтірмек [35-б.].

Көркем мінезді кісіден табылатын осы қасиеттерді Мәшһүр қазақтың «Алғыс түбі — ақ май, // Қарғыс түбі — қара қан». «Алғыс алған мың жасайды, қарғыс алған бір жасайды» сияқты мақалдармен байланыстыра қарастырады.

Ал Хикмет иесі АДАМ-ға керек қасиет ретінде мынаны атап көрсетеді:

- шын сөзді болу, яғни өтірік айтпау;
- аманатқа қиянат қылмау;
- бос сөз сөйлемей.

Сөзін Хадис Шарифке негіздей отырып жүйелейтін Мәшһүр Жүсіп ұстанған басты бағыт – көркем мінезді болу. Ұзақ өмір сүргің келсе, Хикмет иесі болғың келсе деп осындай қасиеттерді көрсетеді. Ия, бұл

Ия, әр адам әрқашан бақытқа ұмтылады, рас. Алайда әр адам бақытты болу үшін оның жолын біле ме? Бақытты сырттан іздемеу керек екен, өзінің ішінен, істеген ісінен іздеу жөн екен. Бақытты болу үшін өзің соған лайық болуың керек. Бақытты болудың кілті – мінезде, ибалы болуда.

Адам мінезі – күнделікті тіршілікте өзін қоршаған ортамен, жасаған іс-әрекетімен байланыста қалыптасады. Адамның мінезі - күрделі психологиялық жүйе, оған ежелден белгілі психологтар, ағартушылар назар аударған. Педагог Ян Каменский, «Мен» сөзін адамның хош иісімен, яғни иісудың иісімен салыстырған екен. «Керемет (немесе керемет емес) хош иісті қалай жасауға болады? Бұл сұйықтық әртүрлі хош иісті ингредиенттерден тұрады: раушан немесе розмарин, апельсин, даршын, құлпынай, қалампыр, қарақат, шегіргүл - бұл тазартылған қоспалар өздерінің жеке қасиеттеріне ие шағын ыдыстарды толтырады». Сол сияқты жеке тұлғаның өне бойында осындай әртүрлі жағымды әрі жағымсыз қасиеттер жинақталады.

Мәшһүр Жүсіп ілімі бойынша адам мінезінің жақсы болмағы әдепті, ибалы болумен байланысты. «Әдеп – діннің қақ жартысы» - дейді ғұлама. Яки, мінездің жақсы болмағының басты негізі – әдеп сақтау.

Ал мінез қалай бұзылады деген сауалға Мәшһүр беретін жауап мынадай;

1. Ашу; ашуланшақ болу; «Адам әуел бастан, құлын жастан ашуды жұтып үйрену керек» дейді. Қазақ мақалындағы «Ашу – шайтан, ақыл – дос, Ақылыңа ақыл қос» тәмсілін тілге тиек етеді.

2. Күншілдік;

3. Қырыс дүние. «Дүниеге махаббаты кеткен адам, көзі соқыр, құлағы саңырау болады» - деп қазақтың «Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе» деген мақалы арқылы ойын тұжырымдайды [2. 39].

4. Тәкаппарлық;

5. Нәпсі;

6. Өр мінездік; «Мұндай кісінің мінезі адыр-бұдыр болады».

7. Кінә сақтау, кекшіл болу. Мақалда:

«Қас жақсының өкпесі - торғын орамал кепкенше.

Қас жаманның өкпесі - басы жерге жеткенше.

Адам мінезі жеке тұлғаның басты сипатын айқындайтын маңызды факторлардың бірі. Кемелдікке жеткен жеке тұлға өзінің мінезін бақылайтын деңгейге жетеді. Мәшһүр Жүсіп айтқандай, ашуға ерік бермейді, күншілдіктен, жікшілдіктен аулақтайды. Тұлғаның мінезі тек тәрбие барысында ғана емес, өзін-өзі тәрбиелеу арқылы да қалыптасады. Адам мінезінің психикалық құбылыс ретіндегі басты ерекшелігі белгілі іс-әрекетті бағалауында, шындықпен бетпе-бет келгенінде, айналасындағы адамдарға деген көзқарасында айқын көрінеді. Кей адамдар қызметтің ең қиын және күрделі түрлерін тандайды, кедергілерді іздеуден және жеңуден ләззат алады; кейі жеңіл әрекеттерді тандайды. Кей адам үшін жұмыстан қандай нәтиже шыққаны мәнді болса, кейбіреулер үшін өзгелерден озық болып, асып түсе алғаны маңызды, ал кей кісілер үшін тіпті нәтиже маңызды болмауы да ықтимал. Демек, адамның мінезіне сай батыл - қорқақ, шыншыл – өтірікші, ашық - жабық, тұрақты-тұрақсыз, кешірімшіл - кекшіл болады.

Адам бойында алуан түрлі мінез бар. Мінездің жақсы не жаман болмағы кісінің білім-білігімен, алған ғылымымен де байланысты.

«Ғылым – аспандағы күн сықылды дейді, - Мәшһүр, - Әркімнің терезесіне қарай сәулесі түседі. Ғылым — ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария. Әркімнің ыдысына қарай су құйылады. Аспандағы күннің сәулесі түндігі ашық, терезесі үлкен үйге түсетұғын болды. Түндігі жабық, терезесі жоқ үйге

күллі дүниені алып тұрған күннен иненің жасуындай сәуле бұйырмады. Су да қара жердің көрікті, шырайлы жерінде ағып, түбі бүтін ыдысқа тоқтайтұғын болды. Тақыр, сортаң жаман жерден сыр етіп өте шығып, түбі тесік ыдыстан сау етіп жерге бір-ақ төгілетұғын болды. Ғылым да әдепті, ибалы, мүләйім жақсы мінезлі адамға орнығатұғын болды. Жынды көбелек сықылды көрінген отқа барып, жалп ете түсетұғын қулардан не алсын (аласың)? Ондай адам оқыған оқуының қайда кетіп қалғанымен жұмысы да жоқ. Оқымаған наданнан күні жаман болып, тойған жерден кете алмайтұғын болған соң, жүре береді» [2. 37].

Мәнді түсінік пен нақты денотат арқылы салыстыруларды Мәшһүр Жүсіп байыпты пайдаланып, нақты ақпар беруде сәтті жұмсайды. «Аспандағы күннің сәулесі түндігі ашық, терезесі үлкен үйге түсетұғын болды. Түндігі жабық, терезесі жоқ үйге күллі дүниені алып тұрған күннен иненің жасуындай сәуле бұйырмады» деген контексті Абайдың мына өлеңіндегі оймен мәндес деп түсіндік:

Сәулең болса кеудеңде,

Мына сөзге көңіл бөл.

Егер сәулең болмаса,

Мейлің тіріл, мейлің өл.

«Ғылым мен білімнің бірінші пайдасы – мінез түзету» деген концепция қалыптастырған Мәшһүр Жүсіп келтірілген 7 түрлі мінез бұзар пәндеуі қылықтардан арылудың жолын нақты көрсеткен. Ол - ғылым мен білім. «Жақсылық, жамандық адамның өз бойынан табылады, даладан іздейтұғын дәнеме жоқ. Жұрт қорқа беретұғын – жеті есікті үйдің кілті, ашқышы ешкімнің қолында емес, өзіңнің бойыңда» - дейді ғұлама.

Бүгінгі психология ғылымы мінездің өмір бойы өзгеру мүмкіндігін, білімнің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Жеке тұлғаның, оның мінезінің қалыптасуы ішкі ойларымен, жан сезімдерімен және мотивтерімен тығыз байланысты. Сондықтан адамның белгілі бір өмір салты жетілген сайын, дамыған сайын оның мінезі қалыптасады. Көркем мінездің қалыптасуында тұлғаның өмір сүру салты, әлеуметтік жағдайы және нақты жеке басына қатысты өмірлік жағдайы маңызды рөл атқарады. Ал осының бәріне ғылыми біліктілікпен қарай алған адамда қанағат сезімі жеңіп, алдына іргелі мақсат қою сезімі арта түседі де, жеңіске деген сенім мен үміт жеңеді.

Сенім – адамның мінез-құлқының бағыт-бағдарын анықтаушы компасы сынды, сенім мақсатқа жетуді аңсатады, әділеттілікке деген сенімін күшейтеді және кемел болашақ үшін жасалатын әрекеттердің қаншалықты маңызды екенін анықтай түседі.

#### Әдебиет:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D...>

2. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/19700>

3. Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. 2-ші бас.толық.- Астана: «Алтын кітап», 2007,-233б. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том).2007, 17-б.

## ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

**Ж.Б. Саткенова**, филология ғыл. кандидаты, аға оқытушы

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы, Қазақстан Республикасы)

*jaina1978@mail.ru*

Қазақ тілі синтаксисінің ірі маманы, көрнекті ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдар ұстаздық еткен, филология ғылымдарының докторы, профессор Сайрамбаев Талғат Сайрамбайұлы тірі болғанда 85 көктемін қарсы алар еді...

Профессор Талғат Сайрамбаевтан дәріс тыңдадық, кейін бір кафедрада қызмет атқардық. Менің кафедраға оқытушылық қызметке келуіме Талғат ағайдың еңбегі орасан зор еді. «Кафедраға жас мамандар керек» деп, сол жылы магистратураны енді тәмамдаған мені декан алдына алып барды. Қолдау көрсетіп, оқытушылық қызметімді қасиетті қара шаңырақта бастауыма септігін тигізді. Осы қамқорлығы үшін ағайға қарыздармын.

Ағай өте қамқор жан еді. Кафедра жастарына өзінің қамқорлығын көрсетіп, қиналған кезде демеу беріп, жанашырлық танытатын. Ағайдың кафедра мәжілісін өткізгенде «көпке сөзбай, қалған мәселені шайдың үстінде жалғастырайық» деп, көптеген даулы мәселенің шешімін «мың сіз-бізден, бір шай-пай



## МАЗМҰНЫ

### I-СЕКЦИЯ

#### ПРОФЕССОР ТАЛҒАТ САЙРАМБАЕВ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ

Смағұлова Г.Н. Ғұмырын ғылымға арнаған .....	3
Салқынбай А.Б. Мақалдағы ақыл: Мәшһүр Жүсіп терген мақалдардың адамтанудағы рөлі.....	5
Саткенов Ж.Б. Ұстаз ұлағаты .....	11
Күзекова З.С. Қазақ тіліндегі динамикалық кеңістіктік қатынастың берілуі .....	12
Сағындықұлы Б. Т.Сайрамбаев және құрмалас сөйлемдік таным .....	17
Карага Октау Selim. Kazak türkçesindeki “degen” ve “deytin” sıfat-fiil şekillerinin türkiye türkçesine aktarılması meseleleri .....	20
Елеуова А.С., Дүйсенбек А. Профессор Т.Сайрамбаев және тұлғалық микросинтаксистегі тіркесімділік мәселесі.....	25
Елеуова А.С., Елубаева Г., Галимова Ә. Профессор Т.Сайрамбаев еңбектеріндегі тұлғалық сөзтіркесім мәселелерінің зерттелуі жайы .....	28
Аширова А.Т., Мұратбек Б.К. Газет мәтіні тақырыптарының атқаратын қызметі және сөйлеу әрекеті.....	31
Ақбұзауова Б. Академиялық қазақ тілі курсындағы жазылым процесі .....	35
Әлімтаева Л.Т. Нақтылық – ғалым ұстанымы .....	39
Әлісжан С. Ғылыми қатынас және көптілділік .....	41
Ергубекова Ж.С. Көне түрік тіліндегі сөз тіркесінің зерттелуі .....	44
Есматова М.Т., Тулепбергенова Р.А. Солтүстік Қазақстан облысындағы тарихи оқиғалармен байланысты кейбір жер-су атауларының ерекшелігі .....	50
Есматова М.Т., Манатбек Қ.С. Жүніс Сахиевтің фантастикалық шығармаларында қолданылған терминдердің жасалуы .....	54
Иманқұлова С.М., Рамазанова Ш.Ә. Шақ түрлерін жіктеу мәселесі .....	59
Қошанова Н. Қазіргі қазақ тіліндегі оқшау сөздердің сөйлем аясын кеңейтуде алатын орны .....	62
Таусоғарова А.Қ. Түсу егістігінің функционалды-семантикалық талдауы .....	67
Төлеуп М.М. Қазақ тіліндегі каузатив формалары .....	70
Тұрарова А.Н. Сөз тіркесінің грамматикалық құрылымы мен тіркесімділік жігі .....	74
Шойбекова А.А. Сөз-сөйлем және ым-ишара тілі.....	79

### II-СЕКЦИЯ

#### ПАНЕЛЬ №2. ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Абдиқарим Н. Қазақ тілінің морфосемантикалық және синтаксистік метабелгілер жүйесін әзірлеу мәселесіне.....	82
Асылханқызы Л. Сын есімдердегі бағалау семантикасы.....	86
Ахаева М.С., Алланазарова Г. Прецеденттік феномендердің мәтін ішіндегі рөлі.....	89
Бияров Б.Н. Кейбір тарихи топонимдерге этимологиялық шолу.....	93
Әлкебаева Д.А., Батырхан. А.А. Сан-мөлшер категориясының құрылымдық грамматикада зерттелуі.....	97
Хасанов Ғ.Қ., Жаледен М.Ә. Когнитология ғылымы туралы жалпы түсініктер және зерттелу тарихы: шет ел ғылымында.....	100
Куламанова С.М., Макулова Л.Т. Орта Азиядағы түркі халықтарының ономастикасы.....	104
Қосаева М.Ж. Хасен Арғыновтың еңбектеріндегі синтаксис.....	110
Макулова Л.Т., Қоблаш А.Т., Абдуалиева К.У. Дейксистік сөздердің дискурсивтік қолданыстары.....	112
Манашахов Е.И. Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу сипаты.....	117
Мейрманова Г.С., Нохан С.М., Сметлда Д.А. Поэзия тіліндегі көркемдік дискурсивтік тіл қолданыстары.....	120
Садирова К.Қ., Сүйеубаева А.Н. Әлеуметтік желідегі қазақша мәтіндердің лингвистикалық ерекшеліктері.....	123
Саткенова Ж.Б., Әбділла Б. Уақыт категориясын білдіретін грамматикалық амал-тәсілдер.....	126
Сәрсекке Г.Ә. Қазақ тілінің корпус лингвистикасының терминдері.....	130
Сулганиязова И.С., Жумағалиева А.Н. Қазақ тіліндегі қарама-қарсы мағыналы тілдік бірліктер.....	135
Тілеубердиев Б.М., Базарбеков Б.М. А.Сейдімбек дүниетанымындағы «Ұлы дала кеңістігінің» концептілік парадигмасы.....	141
Тілеубердиев, Б.М., Көбеева Г.М., Кайимов М.А. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигманың теориялық тұрғыдан дамуы.....	146
Тымболова А.О., Мурзинова А.С. «Қонақ келсе – құт» аксиологемасының лингвомәдени мәні.....	149